

Құрманғазы аудандық аурухананың 2019 жылдың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

ШЖҚ КМК «Құрманғазы аудандық ауруханасы»

Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылы, Шафқат Бекмұхамедов көшесі, 9 үй, телефон 8(71233) 2-01-15, факс 2-05-81. эл.пошта: kurm_srb@mail.ru

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес кәсіпорының 2017 жылғы 24 қазандағы №308 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы бекітілді. Аталған бұйрық негізінде аудандық орталық ауруханасына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кәсіпорының заңгері А.Мурасовқа жүктелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2019 жылдың желтоқсан айының 23-27 күндері аралығында жүргізілді.

Талдау кезінде аудандық аурухананың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылау-қадағалау қызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары қамтылды.

I. Аудандық аурухананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша

Құрманғазы аудандық ауруханасында есепті мерзім ішінде жеке құрамына - 754, негізгі қызмет бойынша – 324, іс-сапарға 1185 бұйрық шыққан.

Аталған құқықтық актілерді талдау кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерді жасау немесе шешімдер қабылдау мүмкіндігін туғызатын сыбайлас жемқорлыққа бейім дискрециялық өкілеттіліктер мен нормалар анықталған жоқ. Ағымдағы жылдың есепті мерзімі ішінде қабылданған нормативтік-актілерге қатысты қызметкерлерден және қадағалау органдары тарапынан аталған мәселеге байланысты қандай да бір ұсыныстар мен наразылықтар келіп түскен жоқ.

II. Аудандық ауруханасының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ. Аудандық ауруханасы рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша статист-дәрігер А.Толбаева жауапты, аталған қызмет бойынша сыбайлас тәуекелдері тудыратын себептері анықталмаған.

Құрманғазы ауданы бойынша күні бүгінгі жағдаймен кадрлардың ауысуына және штат саны мен бос лауазымдарға талдау жүргізілді. Талдау нәтижесі бойынша кәсіпорында 92,5 дәрігер штат бар. Күні бүгін 88,75 дәрігердің нақты саны 70, бос штат орыны 3,75, орта медициналық қызметкерлердің штат бойынша 307,5 орын, қазірге таңда бос орын жоқ.

Кадрлардың ауысымына талдау жүргізу кезінде сыбайлас тәуекелдері анықталған жоқ.

Кәсіпорынға жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдап, тіркеп, есепке алып және қарау бойынша Заң талаптарының сақталуына тексеру жүргізіп, қадағалап отыру заңгерге жүктелген.

2019 жылы кәсіпорынға барлығы – 9 (2018 жылы - 4) өтініш түсті. Оның ішінде: жеке тұлғалардан - 7 (2018 жылы - 4), заңды тұлғалардан -3 (2018 жылы - 0) арыз. Яғни, 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы түскен арыздардың саны 44,4%-ға өсіп отыр.

2019 жылы қаралған барлығы 9 өтініштің 2-уінің оң шешіліп, 7-не заң шеңберінде тиісті жауаптары берілді.

Өтініштердің басым көпшілігі медициналық қызметкерге шара қолдану - 6, еңбек және жұмыспен камту-3.

2019 жылдың ішінде аудандық прокуратурасынан 2 заң бұзушылықты және оған ықпал еткен мән-жайлар мен себептерді жою туралы, Аудандық ішкі істер бөлімінен қылмыстың болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді жою туралы ұсыныстар түскен, ол ұсыныстарда сыбайлас жемқорлыққа қатысты фактілері болмаған.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде Құрманғазы аудандық ауруханасы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ деген шешімге келді.

Аталған қызметтерге байланысты сыбайлас тәуекелдерін тудыратын себептер анықталған жоқ.

Заңгер



А.Мурасов